

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 16 шілдедегі № 9 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 21 қыркүйектегі № 12 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 28 қыркүйекте № 24538 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Науырзым аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 27 тамыздағы № 01-20/227 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Қостанай облысы Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі Қараменді ауылының аумағында ірі қара малдың бруцеллезі бойынша шектеу іс-шаралары тоқтатылсын:

Қараменді ауылы мына мекенжайлар бойынша: Абылай хан көшесі, 41 үй, Қазбек би көшесі, 19.

2. Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2021 жылғы 16 шілдедегі № 9 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23584 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешім Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оның ресми жарияланғанынан кейін Науырзым ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК